



Жарқайың ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 5 қаңтардағы № А-1/2 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 13 қаңтарда № 26473 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № А-12/422 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 30.12.2024 № А-12/422 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11148 болып тіркелген) Ішкі сауда қағидаларының 50-1-тармағына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Жарқайың ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары айқындалсын және бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысының Жарқайың ауданы әкімінің орынбасары Б.П. Шоновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

Ж.Хамитов

Жарқайың ауданы әкімдігінің
2022 жылғы 5 қаңтардағы
№ А-1/2 қаулысына
қосымша

Жарқайың ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

	Стационарлық емес сауда объектілерінің				
--	--	--	--	--	--

№	нақты орналастыру орындары	Қызмет саласы	Алатын алаңы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі	Жақын орналасқан инфрақұрылым
1	Державин қаласы, Мир көшесі 92 А, коммуналдық базар ғимаратының алдында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	168 шаршы метр	5 жыл	жоқ
2	Державин қаласы, Мир көшесі 152, "Державинская Агропромтехника" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимаратының алдындағы бос жер участкесі	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	120 шаршы метр	5 жыл	жоқ
3	Державин қаласы, Жастар ауданы 16, "Бейбарыс" дүкеніне қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	96 шаршы метр	5 жыл	"Бейбарыс" дүкені
4	Тасты-Талды ауылы, Мир көшесі 11, "Думан" дүкеніне қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр	5 жыл	"Думан" дүкені
5	Зерноград ауылы, Целинная көшесі 13, "Татьяна" дүкеніне қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	"Татьяна" дүкені
6	Уәлиханов ауылы, Мираңғылығы 13 А, "Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратының алдындағы алаң	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр	5 жыл	жоқ
	Нахимовка ауылы, Ленин				

7	көшесі 1, " Жарқайың ауданы Нахимов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	жоқ
8	Отрадний ауылы, Сәкен Сейфуллин көшесі 10, " Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімі Отрадний ауылының негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	жоқ
9	Кен ауылы, Жастар көшесі 8, "Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр	5 жыл	жоқ
10	Костычево ауылы, Мир көшесі 10 А, " Костычево атындағы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	жоқ
	Донское ауылы, Рубцов көшесі 3, "Донское Агро" жауапкершілігі				

11	шектеулі серіктестігінің ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	жоқ
12	Гастелло ауылы, Московская көшесі 1, "Кен-М" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр	5 жыл	жоқ
13	Пригородный ауылы, Жұмысшылар даңғылы 16, "Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр	5 жыл	жоқ
14	Далабай ауылы, Ленин көшесі 3, "Жарқайың ауданы Далабай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	жоқ
15	Тассуат ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі 8, "Ұлболсын" дүкеніне қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр	5 жыл	"Ұлболсын" дүкені
16	Кұмсуат ауылы, Целинная көшесі 27, "Ростовская Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің наубайханасына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	жоқ
	Львов ауылы, Комсомольская				

17	көшесі 16, "Жарқайың ауданы Львов ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	жоқ
18	Үшқарасу ауылы, Дінмұхамед Қонаев көшесі 13, "Ақжол" дүкеніне қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	"Ақжол" дүкені
19	Тасөткел ауылы, Абай көшесі 11, "Жарқайың ауданы Тасөткел ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратына қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр	5 жыл	жоқ
20	Пятигор ауылы, Қ а с ы м Давлеталин көшесі 17, "Светлана" дүкеніне қарама-қарсы	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр	5 жыл	"Светлана" дүкені
21	Бірсуат ауылы, Абай көшесі 14, "Космос" кафесінің алдында	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	24 шаршы метр	5 жыл	"Космос" кафесі
22	Шойындыкөл ауылы, Школьная көшесі 2 А, "Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімі Шойындыкөл ауылының негізгі орта мектебі"	Азық-түлік/ азық-түлік емес тауарлар	36 шаршы метр		жоқ

	коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына карама-қарсы			5 жыл	
--	---	--	--	-------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК